2. Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мектепалды даярлық топта оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың бағадрламасына әсйкес ұйымдастырылады .Тәрбиеші: Нарынова Ж. Ж
3. Ата-аналаркомитетін тағайындау және ата-аналардан ақша жинауға жол бермеу және бааларды уақытылы әкеліп , алып кетуді талап ету.
Тәрбиеші:Серкбай Б

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші м.у.а Молдахметова А.Т.және әдіскер Ныгыметова Н.С. сөз сөйледі. Ата-аналарды 2026-2027 жаңа оқу жылына арналған мекетпке дейінгі бағдарламамен таныстырып балабақшаның жұмыс тәртібімен және топтың күн тәртібі айтылды. Балабақша медбикесі Куттыякова С.С. сөз сөйледі. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау мәселесіне ерекше көңіл бөлінді.Баланың денсаулығында қандай да бір өзгеріс байқалған жағдайда тәрбиешіге алдын ала хабарлау қажеттігі түсіндірілді.

Ата-аналарға INDIGO жүйесі бойынша қажетті мәліметтерді уақытылы енгізу туралы және ақылы қосымша үйірмелерін жаңа оқу жылына байланысты келісімшартты рәсімдеу тәртібі түсіндірілді.

Сонымен қатар балабақшадағы ата-ана төлемін белгіленген мерзімде төлеу қажеттігі айтылды. Төлемге байланысты мәселелер туындаған жағдайда тиісті жауапты мамандарға уақытылы хабарласу керектігі ескертілді.

Ата-аналарға INDIGO жүйесіндегі өз мәліметтерінің дұрыстығын тексеріп, қажет болған жағдайда жаңарту ұсынылды.

Сонымен қатар баланы балабақшадан тек ата-анасы немесе ата-ана тарапынан алдын ала көрсетілген заңды өкілі алып кетуі қажет екендігі айтылды.

2-мәселе бойынша:Тәрбиеші:Нарынова Ж. Ж. ата-аналарды 2026–2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламасымен таныстырды. Мектепалды даярлық кезеңінің негізгі мақсаты – баланың мектепке жан-жақты дайындығын қамтамасыз ету, танымдық қызығушылығын арттыру, дербестігін, қарым-қатынас мәдениетін және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру екендігі түсіндірілді.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстары ойын, шығармашылық әрекет, қарым-қатынас, зерттеу және практикалық тапсырмалар арқылы ұйымдастырылатыны айтылды.

Сонымен қатар ата-аналарға баланың оқу жетістігін тек білім көлемімен емес, оның өз ойын еркін жеткізуі, тыңдай білуі, өздігінен әрекет етуі, құрдастарымен тіл табысуы және күнделікті тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауы арқылы да бағалау маңызды екендігі түсіндірілді.

Физикалық қасиеттерді дамыту – баланың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, негізгі қимыл түрлерін жетілдіру, қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту – өз ойын еркін жеткізу, сұрақтарға толық жауап беру, құрдастарымен және ересектермен дұрыс қарым-қатынас жасау, қазақ тілінде байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту – қоршаған ортаны танып-білу, салыстыру, талдау, санау, логикалық ойлау, қарапайым математикалық түсініктерді меңгерту және зерттеушілік қабілетін дамыту.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту – сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, музыка және театрландырылған әрекеттер арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту, өз ойын шығармашылық түрде жеткізуге мүмкіндік беру.

Ата –аналармен ойын:«Асықпен сергіту сәті – Қара жорға»

Мақсаты:

Ата-аналардың көңіл-күйін көтеру, еркін қимылдауға ынталандыру, ұлттық өнерге қызығушылығын арттыру, ата-аналар арасында жағымды қарым-қатынас қалыптастыру.

Ойын шарты:

Әр ата-анаға бір-бірден асық таратылады. Музыка қосылған кезде ата-аналар «Қара жорға» әуенімен ұлттық қимылдарды қайталай отырып билейді..

Қызықты сәт: Музыка қайта қосылғанда барлығы бірге «Қара жорға» қимылын жалғастырады. Соңында ата-аналар шеңбер құрып, асықты бір-біріне ұсынып, жақсы тілек айтады.

3-мәселе бойынша ата-аналар комитетін сайлау мәселесі қарастырылды.

Ата-аналар арасынан топтың қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысатын ата-аналарды сайлау ұсынылды.

Шешім: «Қырмызы» даярлық тобының ата-аналар комитетінің құрамына:

Төрайымы: Оспанова Асель Б

Барлық мәселелер балабақшаның ішкі тәртібі мен қолданыстағы талаптарға сәйкес шешілетіні түсіндірілді.Ата аналарға топта және балабақша көлемінде ақша жинауға жол берілмейтіні түсіндірілді.Мерекелік іс-шаралар, сыйлықтар және басқа да мақсаттарға байланысты қаражат жинау мәселелері өз бетінше ұйымдастырмау қажеттігі ескертілді. Ата-ана мен тәрбиеші арасындағы өзара сыйластық пен түсіністік және тығыз байланыс, баланың тәрбиесіне оң әсер ететіні атап өтілді.


Ата-аналар жиналысының қаулысы:

1. Топтың ішкі тәртіп-талаптары сақталсын.
2. Балаларды уақытылы әкелу және белгіленген уақытта алып кету ата-аналарға міндеттелсін.
3. INDIGO жүйесі бойынша қажетті құжаттар мен келісім шарттарды уақытылы қамтамасыз етілсін.
4. Ата-аналар баланың тәрбиесі мен дамуына балабақша тәрбиешілерімен бірлесе атсалыссын.
5. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне талаптар қатаң сақталсын.
6. Ата-аналардан ақша жинауға жол берілмесін.

Ата-аналар жиналысының төрайымы: **Оспанова Асель Б**

Ата-аналар жиналысының хатшысы: **Серкбай Б**









Астана қаласы әкімдігінің №92 «Жауқазын» балабақшасы МКҚК
Ата – аналар жиналысының тіркеу парағы

№	Ата-ананың аты-жөні	Байланыс нөмірі	Тобы	Қолы
1	Бакарова Д.П.	87772360404	Қармақшы	
2	Сейік Ж.С	87475777563	Қармақшы	
3	Газиз А.Б.	87477810319	Қармақшы	
4	Мамырова Н.С.	87029618202	Қармақшы	
5	Ашарова С.Н	87021919791	Қармақшы	
6	Тустокбаева Д.Д	87776774532	Қармақшы	
7	Ашикеева М.Б	87022365535	Қармақшы	
8	Шошеев А.Б.	87081248084	Қармақшы	
9	Ишеев Д.А.	87072953593	Қармақшы	
10	Коробекова Г.С.	87755222288	Қармақшы	
11	Бимагамбетова Д.Д.	70170000005	Қармақшы	
12	Жолтабарова М.Ж.	87778827392	Қармақшы	
13	Оспанова А.Б	87083291429	Қармақшы	
14	Рскалиева А.К	87086648109	Қармақшы	
15	Нурбаева Э.А.	87024459227	Қармақшы	
16	Жуканова Г.М.	87018849014	Қармақшы	
17				
18				
19				
20				
21				
22				
23				
24				
25				
26				
27				

Астана қаласы әкімдігінің №92 «Жауқазын» балабақшасы

№1 Ата-аналар жиналысының хаттамасынан үзінді «Жаңа оқу жылы: балаға қолдау, отбасыға сенім». «Баршын» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Усенова Б.Т.

Астана қаласы, 2026 жыл

Астана қаласы әкімдігінің №92 «Жауқазын» балабақшасы МКҚК
«Баршын» ортаңғы тобы

№ 1 ата – аналар жиналысының хаттамасынан үзінді

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылы: балаға қолдау, отбасыға сенім»
«23» қыркүйек 2026 ж.
Өтілетін орны: Топ бөлмесінде
Қатысқандар: 10
Қатыспағандар: 15
Барлығы: 25
Мақсаты:
Жаңа оқу жылында ортаңғы топ балаларының балабақшаға бейімделуіне қолайлы жағдай жасау, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру туралы ата-аналарға түсінік беру. Балалардың денсаулығын сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және санитариялық талаптарды орындаудың маңыздылығын түсіндіру. Баланың эмоционалдық жағдайына қолдау көрсету, отбасы мен балабақша арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастықты қалыптастыру.

КҮН ТӘРТІБІ:

1.«Жаңа оқу жылы: балаға қолдау, отбасыға сенім» тақырыбында баяндама. Ортаңғы топ балаларының жаңа оқу жылына бейімделуі және балаға қолдау көрсету жолдары. Тәрбиеші:Усенова Багдат Тастыбаевна
2.Ортаңғы топтағы оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру. Ортаңғы топ балаларының жас ерекшеліктеріне сай білім беру, дамыту және тәрбиелеу жұмыстары.Баланың денсаулығына ата-ананың жауапкершілігі, балабақшадағы қауіпсіздік ережелері және санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау.
Меңгеруші: м.у.а Молдахметова А.Т,Әдіскер: Ныгыметова Н.С,
Медбике: Куттаякова С.С,Психолог: Канкеева М.С.
3.Ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастық. «Ата-аналардың балабақша алдындағы міндеттері».Баланың тәрбиесі мен дамуына ата-аналардың белсенді қатысуы, тәрбиешімен кері байланыс орнату және ортақ талаптарды сақтау. . Тәрбиеші:Усенова Багдат Тастыбаевна
4. Ата - аналармен тренинг. Тәрбиеші: Усенова Б.Т

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша ортаңғы топтың тәрбиешісі Усенова Багдат Тастыбаевна сөз сөйледі.
Тәрбиеші ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, «Жаңа оқу жылы: балаға қолдау, отбасыға сенім» тақырыбының маңыздылығына тоқталды.
Ортаңғы топ балаларының жас ерекшелігіне байланысты бұл кезеңде олардың қоршаған ортаны тануға қызығушылығы артып, өз бетінше әрекет етуге

жиі өзгеруі, бір нәрсені өз бетімен жасауға ұмтылуы, «өзім» деп талап етуі сияқты ерекшеліктер кездесетіні түсіндірілді.
Осыған байланысты ата-аналарға балаға түсіністікпен қарап, оның әрбір әрекетін қолдап, өзіне деген сенімін арттыру қажеттігі айтылды. Баланы жиі мақтап, жетістігін атап өту, қарапайым тапсырмаларды өз бетімен орындауына мүмкіндік беру ұсынылды.
Баланың балабақшаға қуана келуі үшін үйде балабақша туралы жағымды әңгімелер айту, тәрбиеші мен достары туралы жақсы пікір қалыптастыру қажеттігі түсіндірілді.
Сонымен қатар баланы басқа балалармен салыстырмай, оның жеке қабілеті мен даму қарқынын ескеру керектігі айтылды. Балаға «Сенің қолыңнан келеді», «Өзің жасап көр», «Мен саған көмектесемін» сияқты қолдау сөздерін қолданудың маңыздылығы түсіндірілді.
Ата-ана мен тәрбиешінің өзара сенімді қарым-қатынасы баланың өзін қауіпсіз сезінуіне, балабақшаға тезірек бейімделуіне және оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысуына ықпал ететіні атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша **меңгеруші:** м.у.а Молдахметова А.Т,
Әдіскер: Ныгыметова Н.С сөз сөйледі.
Оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданыстағы **үлгілік оқу бағдарламасына** сәйкес ұйымдастырылатыны түсіндірілді.
Ортаңғы топтағы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық және зерттеу әрекеттерін, сондай-ақ әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілетіні айтылды.
Балалардың оқу іс-әрекеті негізінен ойын, қимыл-қозғалыс, шығармашылық жұмыстар, әңгімелесу, бақылау және қарапайым тәжірибелік әрекеттер арқылы ұйымдастырылатыны түсіндірілді.
Балалардың сөздік қорын молайту, өз ойын қарапайым түрде жеткізу, сұрақтарға жауап беру, құрдастарымен қарым-қатынас жасау, түстерді, пішіндерді, көлемді ажырату, санаудың бастапқы дағдыларын меңгеру, қоршаған ортамен танысу, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру және музыкалық-қимыл әрекеттеріне қатысу дағдыларын дамытуға көңіл бөлінетіні айтылды.
Балалардың ойын арқылы білім алатынына ерекше назар аударылды. Ойын барысында балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасауды, кезек күтуді, ортақ әрекетке қатысуды және қарапайым ережелерді сақтауды үйренетіні айтылды.

Медбике: Куттаякова С.С сөз сөйледі
Тәрбиеші балалардың денсаулығын сақтау балабақша мен ата-ананың ортақ жауапкершілігі екенін атап өтті.
Ата-аналарға баланы балабақшаға күнделікті таза, ұқыпты және ауа райына сәйкес киіндіріп әкелу қажеттігі түсіндірілді. Баланың жеке гигиенасын сақтау, қолын таза ұстау, жеке заттарын ретімен пайдалану дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы айтылды.
Баланың денсаулығында өзгеріс байқалған жағдайда, жұқпалы ауру белгілері болған кезде немесе өзін жайсыз сезінген жағдайда ата-ананың бұл туралы балабақша қызметкерлеріне уақытылы хабарлауы қажеттігі түсіндірілді.

Ата-ананың басты міндеттері:

1. ***Табельді уақытылы бекіту.***

Баланың сабаққа қатысуын, келу уақыты мен сабаққа дайындық деңгейін тіркейтін табель — тәрбиенің, бақылаудың негізгі құралы. Уақытылы бекітілген табель арқылы біз әр баланың оқу процесіне толық қатысып отырғанын қадағалаймыз. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, балалардың сабаққа тұрақты қатысуы олардың оқу мотивациясын, әлеуметтік дағдыларын қалыптастырады. Сондықтан ата-аналардан табельдегі ақпаратты уақытында тексеріп, қажет болса толықтыруларыңызды сұраймыз.

2. ***Төлемді уақытылы жасау.***

Тұрақты төлем арқылы балабақша балаларға сапалы білім, тамақ, ойын материалдары мен қызмет көрсетуді үздіксіз қамтамасыз етеді. Балалардың дамуы мен тәрбиесі үшін жауапкершілік сезіну — әр ата-ананың борышы.

3. ***Балаларды кешікпей әкелу және әкету.***

Қабылдау уақыты 8:20 ға дейін! Баланың уақытында келуі ҰІӘ толық қатысуға, жаңа дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Кешігіп келген бала топтағы ойын мен ҰІӘ шетте қалып, өзінің әлеуметтік дағдыларын дамытудан құр қалуы мүмкін.

4. ***Үйден артық ойыншық немесе жеке заттарды әкелмеу.***

Артық ойыншықтар балалар арасындағы бөлінушілік пен реніш тудыруы мүмкін. Топта берілген ойыншықтар мен құралдарды пайдалану — балаларға бір-біріне сыйластықты үйретеді және топтағы тәртіпті сақтауға көмектеседі.

5. ***Топта ыңғайлы киіндіру.***

Балалар белсенді ойнайтындықтан, киім мен аяқ киім ыңғайлы болуы тиіс. Ыңғайсыз киім қозғалысқа кедергі келтіріп, балалардың денсаулығына зиян тигізуі мүмкін.

6. ***Ауырып тұрған баланы әкелмеу.***

Ата-аналар, балабақшаға дені сау баланы әкелулеріңізді сұраймыз. Біріншіден біз ол баланы қабылдай алмаймыз, екіншіден өзге баланың денсаулығына да қауіп төнеді.

7. Балаларды үйге қайтаруға **18 жасқа толмаған балаларға,** кепілдік хаты жазылмаған кісілерге беруге **тыйым салынады.**

Қорыта айтқанда, жоғары да айтылған міндеттердің бәрі — біздің балаларымыздың дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды ережелер. Бұл ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасы мен педагогикалық тәжірибеге сәйкес келеді.

Сіздерге айтарым: «Тәрбие — тал бесіктен басталады, тәртіп — әр үйден басталады». Балаларымыздың болашағы бізге байланысты. Бірге жұмыс жасай отырып, олардың қауіпсіз, бақытты және дамыған ортада өсуіне үлес қосайық.

Төртінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші: Усенова Багдат Тастыбаевна ата-аналармен тренинг өткізеді.

«Бала әлемімен бір минут»

Мақсаты: ата-аналарға баланың әрекетінің астарындағы сезімін түсінуге, баламен ұрыспай және қысым жасамай қарым-қатынас жасауға үйрету.

Жүргізуші: «Қазір сіздерге күнделікті өмірде кездесетін бірнеше жағдаят ұсынамын. Әр жағдаятта өзіңізді баланың орнына қойып көріңіз. Ең алдымен: *«Мен ата-ана ретінде не айтар едім?»* деген сұраққа жауап беріңіз. Содан кейін баланың көзімен қарап көрейік.»

қимыл-қозғалыс белсенділігі мен тынығуын қамтамасыз ету денсаулықты нығайтуға ықпал ететіні айтылды.
Қауіпсіздік мәселесі бойынша балаларға балабақша ғимаратында және ауласында қауіпсіз жүріп-тұру ережелерін үйрету қажеттігі түсіндірілді. Балалардың баспалдақта, ойын алаңында, топ бөлмесінде өзін қауіпсіз ұстауы, тәрбиешінің нұсқауларын орындауы және бір-біріне зиян келтірмеуі бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілетіні айтылды.
Ата-аналарға балабақшаға балаға қауіпті немесе рұқсат етілмеген заттарды, ұсақ заттарды, өткір бұйымдарды және басқа да қауіп тудыруы мүмкін заттарды бермеу қажеттігі ескертілді.
Санитариялық-гигиеналық талаптар бойынша топ бөлмелерінің тазалығы мен желдетілуі, балалардың жеке гигиенасы, ыдыстардың, ойыншықтардың және пайдаланылатын заттардың тазалығы, күн тәртібі мен тамақтану тәртібін сақтау мәселелеріне тоқталды.
Ата-аналарға баланың жеке заттарын таза ұстау, ауыстыратын киімдерін уақытылы әкелу, жеке гигиена құралдарын белгіленген талаптарға сәйкес дайындау ұсынылды.
Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты балабақша тарапынан белгіленген талаптарды ата-аналардың сақтауы қажеттігі айтылды.
Жиналыс барысында ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, балалардың денсаулығы, қауіпсіздігі, күн тәртібі және оқу-тәрбие жұмысына қатысты пікірлерін білдірді. Тәрбиеші тарапынан қойылған сұрақтарға түсініктеме беріліп, ата-аналарға тиісті ұсыныстар айтылды.

Үшінші мәселе бойынша ортаңғы топтың тәрбиешісі Тәрбиеші:Усенова Багдат Тастыбаевна сөз сөйледі.
Тәрбиеші бала тәрбиесінде ата-ана мен балабақшаның бірлескен жұмысының маңыздылығына тоқталды.
Баланың бойында әдептілік, үлкенді сыйлау, достарымен дұрыс қарым-қатынас жасау, өз ойын мәдениетті түрде жеткізу, ойыншықтарын жинау, жеке заттарына ұқыпты қарау сияқты қарапайым дағдыларды қалыптастыруда отбасы мен балабақша талаптарының бірізді болуы қажеттігі айтылды.
Ата-аналарға баламен күн сайын сөйлесіп, оның балабақшадағы күніне қызығушылық таныту ұсынылды. Баланың жетістіктерін қолдап, қиындықтары туындаған жағдайда тәрбиешімен бірге шешу қажеттігі түсіндірілді.Сонымен қатар ата-аналарды балабақшада өткізілетін мерекелік іс-шараларға, шығармашылық жұмыстарға, көрмелерге және топтың басқа да тәрбиелік шараларына белсенді қатысуға шақырды.
Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, тәрбиешіге сұрақтар қойды. Балалардың тәрбиесі мен дамуына қатысты ұсыныстар талқыланып, ортақ пікір қалыптастырылды.
«Ата-аналардың балабақша алдындағы міндеттері» туралы айтылды.
Құрметті ата-аналар!
Бүгін біз балаларымыздың балабақшадағы өмірін, олардың қауіпсіздігі мен дамуын қамтамасыз ететін маңызды тәртіп ережелері туралы сөйлесеміз. Балабақша — бұл сіздің балаларыңыздың екінші үйі, сол себепті ата-аналар мен тәрбиешілердің бірігіп жұмыс жасауы өте маңызды.

Жағдаят 1. ***«Киінгім келмейді!»***
Жағдай:
Таңертең балабақшаға бару керек. Бала киінгісі келмей, жылап отыр.
Ата-ананың әдеттегі реакциясы:
«Жылама! Тез киін! Балабақшаға кешігеміз!»
«Өзің киінбесең, мен киіндіремін!»
Балаға жұмсақ жауап:
- «Сен қазір киінгің келмей тұр екен. Саған қиын болып тұр ма?»
- «Қайсысын бірінші киесің: жейденді ме, әлде шалбарыңды ма?»
Талқылау:
Балаға таңдау беру арқылы ата-ана оның дербестігін қолдайды, бірақ қажетті шекараны сақтайды.

Жағдаят 2. ***«Бұл — менің ойыншығым!»***
Жағдай:
Бала ойыншығын басқа балаға бергісі келмей, «Бұл менікі!» деп жылап немесе ренжіп тұр.
Ата-ананың әдеттегі реакциясы:
«Бөлісу керек қой!»
«Қазір бермесең, алып қоямын!»
Жұмсақ жауап:
- «Бұл ойыншық саған қатты ұнайды екен. Оны қазір бергің келмей тұр.»
- «Ойнап болған соң досыңа беруге дайын боласың ба?»
- «Басқа ойыншықпен бірге ойнай аласыңдар ма?»
Талқылау:
3–4 жаста бала үшін «менікі» түсінігі маңызды. Бөлісуді бірден талап етпей, біртіндеп үйреткен дұрыс.

Жағдаят 3. ***«Тамақ ішкім келмейді!»***
Жағдай:
Бала тамақтан бас тартып отыр.
Ата-ананың әдеттегі реакциясы:
«Бәрін жеп болғанша орныңнан тұрмайсың!»
«Тағы да тамақ ішпейсің бе?»
Жұмсақ жауап:
- «Қазір қарның аш емес сияқты. Аздап жеп көргің келе ме?»
- «Алдымен сорпадан бір қасық ішіп көресің бе, әлде наннан бастайсың ба?»
Талқылау:
Тамақтану кезінде шамадан тыс қысым көрсету баланың тамаққа жағымсыз көзқарасын қалыптастыруы мүмкін. Ата-ана пайдалы тағамды ұсынуы және тамақтану тәртібін сақтауы маңызды.

Жағдаят 4. ***«Өзім істеймін!»***
Жағдай:
Бала аяқ киімін өзі киюге тырысып жатыр. Ұзақ уақыт өтсе де, ата-анасының көмегін қабылдамайды.
Ата-ананың әдеттегі реакциясы:
«Болды, бере тұр, өзім киіндіремін!»

«Сен әлі кішкентайсың, өзің істей алмайсың.»

Жұмсақ жауап:

- «Өзің жасап көргің келіп тұр екен. Керемет!»
- «Қиналып қалсаң, мен саған көмектесемін.»
- «Қай жерінен көмектесейін?»

Талқылау:

«Өзім!» деуі — баланың дербестікке ұмтылуының белгісі. Ата-ана баланың орнына бәрін жасап қоймай, қажет кезінде ғана көмектескені дұрыс.

Қорытынды:

Тәрбиеші:«Осы төрт жағдайдың қайсысы сіз үшін қиын? Неліктен?»

Тәрбиеші: «Бала дұрыс емес әрекет жасағанда, алдымен оның сезімін түсінуге тырысайық. Балаға: "Сен неге бұлай істедің?" деп сұрағаннан бұрын, "Сенің қазір не сезініп тұрғаныңды түсінуге тырысып тұрмын" деген ұстаным маңызды.»

Тыйым салу → түсіндіру → таңдау ұсыну → қолдау.

Осы төрт қадамды күнделікті қарым-қатынаста қолдануға болады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ортаңғы топ балаларының жаңа оқу жылына бейімделу кезеңінде балаларға жеке көңіл бөлініп, қажетті эмоционалдық қолдау көрсетілсін.
2. Ата-аналар балалардың балабақшаға уақытылы келуін, күн тәртібін сақтауын және қажетті жеке заттармен қамтамасыз етілуін қадағаласын.
3. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өздігінен әрекет ету дағдыларын қалыптастыру мақсатында үйде де қарапайым тапсырмаларды өз бетімен орындауына мүмкіндік берілсін.
4. Баланың денсаулығы мен көңіл-күйіндегі өзгерістер туралы ата-аналар тәрбиешіге уақытылы хабарлап отырсын.
5. Ата-ана мен тәрбиеші арасында тұрақты кері байланыс орнатылып, бала тәрбиесіне қатысты мәселелер бірлесіп шешілсін.
6. Ата-аналар топта өткізілетін тәрбиелік, шығармашылық және мерекелік іс-шараларға белсенді қатыссын.
7. Отбасы мен балабақша арасындағы өзара сенім, сыйластық және ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Төр айымы: **Битенова М**

Хатшы: **Усенова Б.Т**

Астана қаласы әкімдігінің №92 «Жауқазын» балабақшасы

№1 Ата-аналар жиналысының хаттамасынан үзінді «Жаңа оқу жылы: балаға қолдау, отбасыға сенім». «Меруертгүл» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Тұрдау Д.
Муканова А.Б.

Астана қаласы, 2026 жыл

Астана қаласы әкімдігінің
№92 «Жауқазын» балабақшасы МКҚК
Ата-аналар жиналысының №1 хаттамасынан үзінді

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылы: балаға қолдау, отбасыға сенім»
Күні: «23» қыркүйек 2026 жыл
Топ: «Меруертгүл» ортаңғы тобы
Қатысқандар: 16
Қатыспағандар: 9
Жиналыс төрайымы: Сартбаева А
Хатшы: Тұрдау Д
Мақсаты:
Жаңа оқу жылында балалардың балабақшаға бейімделуіне қолдау көрсету, ата-аналарға баланың күнделікті іс-әрекеті мен күн тәртібі туралы түсінік беру, тәрбиеші мен ата-ана арасындағы өзара сенім мен тығыз байланысты нығайту, бала денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету және отбасы мен балабақшаның бірлескен тәрбиелік жұмысын қалыптастыру, сондай-ақ ата-ана мен балабақша арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту.

КҮН ТӘРТІБІ

1.Балабақшаның жаңа оқу жылындағы топ жұмысы, күн тәртібі және оқу-тәрбие бағыттарымен таныстыру, Балалардың тамақтануы, қауіпсіздігі, денсаулығы және жеке бас гигиенасын сақтау. Балалардың профилактикалық екпелері туралы ақпарат. Тәрбиеші мен ата-ананың тығыз байланысы және өзара құрметі, және Индиго жүйесіндегі мәліметтерді тексеру және бекіту туралы және баланың күнделікті балабақшаға келу тәртібі.
Меңгеруші м.у.а: А.Т Молдахметова
Әдіскер:Н.С.Ныгыметова
Медбике: Құттыаякова С.С.
2. Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша ата-аналарға мәлімет жасау.Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңі және ортаңғы топтағы балалардың жас ерекшеліктері туралы түсіндіру, Баланың күнделікті іс-әрекеті мен тәрбиесі, Топтағы тәртіп пен тазалық, балаларға қажетті оқу құралдары.
Тәрбиешілері: Тұрдау Д, Муканова А. Б
Ата-аналармен тренинг.
3. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық
Ата-аналармен кері байланыс орнату.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды

Балабақшаның жаңа оқу жылындағы топ жұмысы, күн тәртібі және оқу-тәрбие бағыттары, тәрбиеші мен ата-ананың өзара байланысы, «Индиго» жүйесіндегі мәліметтер, баланың балабақшаға келу тәртібі

Бірінші мәселе бойынша Меңгеруші м.у.а: А.Т Молдахметова
– Құрметті ата-аналар! Бүгінгі ата-аналар жиналысының негізгі мақсаты – жаңа оқу жылындағы топтың жұмысымен, оқу-тәрбие бағыттарымен және күн тәртібімен таныстыру, сондай-ақ ата-ана мен балабақша арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту.
Жаңа оқу жылында балабақша жұмысы бекітілген оқу-тәрбие талаптарына сәйкес ұйымдастырылатынын айтып өтті. Ортаңғы топта балалардың жас

ерекшеліктеріне сай тәрбиелеу, оқыту және дамыту жұмыстары жүргізілетінін түсіндірді. Балалардың күн тәртібін сақтау, балабақшаға уақытылы келу және белгіленген уақытта алып кету қажеттігіне тоқталды.
Баланың күнделікті балабақшаға тұрақты қатысуы оның ортаға бейімделуіне, құрдастарымен қарым-қатынас жасауына және оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысуына ықпал ететінін атап өтті. Бала денсаулығына байланысты немесе басқа да себептермен балабақшаға келе алмайтын жағдайда ата-ананың тәрбиешіге алдын ала хабарлауы қажеттігін ескертті.
Сонымен қатар тәрбиеші мен ата-ана арасында өзара түсіністік, сенім және құрмет болуы керектігін атап өтті. Баланың тәрбиесі мен дамуына қатысты мәселелерді бірлесіп шешу, тәрбиешінің еңбегін құрметтеу және балабақшаның ішкі тәртіп талаптарын сақтау – ата-аналардың маңызды міндеттерінің бірі екенін айтты.
Ата-аналарға «Индиго» жүйесіндегі балаға қатысты мәліметтерді мұқият тексеріп, жеке ақпараттардың дұрыстығына көз жеткізу және қажетті мәліметтерді бекіту керектігін түсіндірді. Мәліметтер өзгерген жағдайда оны уақытылы жаңарту қажеттігін ескертті.

Ортаңғы топтағы оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы және ата-аналармен ынтымақтастық

Әдіскер Н.С.Ныгыметова
Ортаңғы топтағы оқу-тәрбие жұмыстары балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылатынын түсіндірді. Балалардың сөйлеу тілін дамытуға, қоршаған ортаны тануына, қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және дене белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілетінін атап өтті.
Балалармен ұйымдастырылған іс-әрекеттер ойын, әңгімелесу, шығармашылық жұмыстар, қимылды жаттығулар және түрлі практикалық тапсырмалар арқылы жүзеге асырылатынын айтты. Әр баланың қабілеті мен қызығушылығына қарай жеке қолдау көрсетілетінін түсіндірді.
Ортаңғы топтағы балалардың өздігінен әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінетінін атап өтті.
Сонымен қатар ата-аналарға баланың балабақшадағы жетістіктері мен қиындықтарына немқұрайлы қарамай, тәрбиешімен тұрақты байланыста болуды ұсынды. Үй жағдайында баланың өздігінен әрекет етуіне мүмкіндік беру және балабақшада қалыптастырылған дағдыларды жалғастыру баланың дамуына оң әсер ететінін түсіндірді.

Балалардың тамақтануы, қауіпсіздігі, денсаулығы, жеке бас гигиенасы және профилактикалық екпелері туралы

Медбике Құттыаякова С.С.
Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту балабақшадағы негізгі міндеттердің бірі екенін атап өтті. Балалардың күнделікті тамақтануы белгіленген ас мәзіріне сәйкес ұйымдастырылатынын, тамақтану кезінде санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталатынын түсіндірді.
Ата-аналарға баланың белгілі бір тағамға аллергиялық реакциясы, тағамдық ерекшелігі немесе денсаулығына байланысты шектеулері болған жағдайда бұл туралы тәрбиешіге және медицина қызметкеріне міндетті түрде алдын ала хабарлау қажеттігін ескертті.

Балалардың жеке бас гигиенасын сақтауына ерекше көңіл бөлінетінін айтып, қолды сабынмен дұрыс жуу, тамақтанар алдында және серуеннен кейін тазалық сақтау, жеке заттарын ұқыпты пайдалану дағдылары қалыптастырылатынын түсіндірді. Бұл дағдыларды ата-аналарға үйде де бекітіп отыруды ұсынды. Балалардың қауіпсіздігіне байланысты және профилактикалық екпелердің бала денсаулығын қорғаудағы маңыздылығына тоқталды. Ата-аналарға баланың профилактикалық екпелерін белгіленген екпе күнтізбесіне сәйкес уақытылы алуды бақылау қажеттігін түсіндірді.
Сонымен бірге балада дене қызуының көтерілуі, жөтел, әлсіздік немесе басқа да ауру белгілері байқалған жағдайда баланы балабақшаға әкелмей, медициналық маманға қаралу қажеттігін ескертті. Баланың денсаулығы туралы маңызды ақпаратты тәрбиеші мен медицина қызметкеріне уақытылы хабарлау қажеттігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды

Үлгілік оқу бағдарламасы, балалардың балабақшаға бейімделуі және ортаңғы топтағы балалардың жас ерекшеліктері туралы

1-тәрбиеші:

Ата-аналарға жаңа оқу жылында ортаңғы топтағы оқу-тәрбие жұмыстары Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілетіні туралы мәлімет берді. Құрметті ата-аналар! Биылғы оқу жылында ортаңғы топтағы 3 жастағы балалардың дамуы бес негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады. Балалар бұл дағдыларды күнделікті ойын, қарым-қатынас және ұйымдастырылған іс-әрекет арқылы меңгереді.
Бірінші – физикалық қасиеттерді дамыту
Бұл бағытта балалардың денсаулығын нығайтуға, қимыл-қозғалысын жетілдіруге көңіл бөлінеді. Балалар жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, қағып алу, өрмелеу сияқты негізгі қимылдарды орындайды. Сонымен қатар жеке бас гигиенасын сақтауға, өзіне-өзі қызмет етуге, дұрыс тамақтануға, үстел басында өзін дұрыс ұстауға үйренеді. Қимылды ойындар арқылы шапшаңдық, ептілік және дене белсенділігі қалыптасады.
Екінші – коммуникативтік дағдыларды дамыту
Бұл бағытта баланың сөйлеуі мен өз ойын жеткізе білуіне мән беріледі. Балалар сұрақтарға жауап беруге, өз ойын қарапайым түрде айтуға, тәрбиешімен және басқа балалармен сөйлесуге үйренеді. Сөздік қоры кеңейеді, жаңа сөздерді меңгереді. Ертегі, әңгіме, тақпақ тыңдау, кітап қарау, сахналау арқылы сөйлеу мәдениеті мен көркем әдебиетке қызығушылығы қалыптасады.
Үшінші – танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту
Бұл бағытта балалардың ойлау, есте сақтау, салыстыру, ажырату және қарапайым қорытынды жасау қабілеттері дамиды. Балалар заттарды санына, көлеміне, пішініне қарай салыстыруды, бір және көп ұғымдарын ажыратуды үйренеді. Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы сияқты пішіндерді танып, заттардың орналасуын: жоғары-төмен, алды-арты, оң-сол жақтарын ажырата бастайды. Қарапайым математикалық түсініктер ойын арқылы беріледі.
Төртінші – шығармашылық және зерттеу дағдыларын дамыту
Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру және музыка арқылы көңіл бөлінеді. Бала өз қиялын пайдаланып, әртүрлі бейнелерді жасауға, түстерді ажыратуға, түрлі

материалдармен жұмыс жасауға үйренеді. Музыка тыңдап, ән айтып, қимылдар орындау арқылы эстетикалық талғамы қалыптасады. Сонымен қатар балалардың қоршаған ортаға қызығушылығы мен зерттеуге деген ынтасы дамиды.
Бесінші – әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру
Бұл бағытта балалардың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасауына, достыққа, үлкендерді сыйлауға, бір-біріне көмектесуге үйретіледі. Бала өз эмоциясын білдіруді, басқа адамның көңіл күйін түсінуді, жақсы мен жаманды ажыратуды үйренеді. Отбасы, туған жер, Отан туралы алғашқы түсініктер қалыптасады. Сонымен бірге балалар өзіне-өзі қызмет етуге, киіну, жуыну, тіс тазалау сияқты қарапайым әрекеттерді біртіндеп өздігінен орындауға дағдыланады. Қоршаған ортада қауіпсіздік ережелерін сақтауға да көңіл бөлінеді.
Осы бес бағыт бір-бірімен тығыз байланысты жүзеге асырылады. Біздің мақсатымыз – баланы тек біліммен қаруландыру емес, оның дені сау, өз ойын еркін жеткізе алатын, ойлай білетін, шығармашыл, мейірімді және өзіне-өзі қызмет ете алатын тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау.
Баланың күнделікті іс-әрекеті мен тәрбиесі, топтағы тәртіп пен тазалық, қажетті оқу құралдары туралы
2-тәрбиеші:
Балалардың күнделікті іс-әрекеті белгіленген күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылатынын түсіндірді. Күн барысында балалардың оқу іс-әрекетіне қатысуы, ойын ойнауы, серуендеуі, тамақтануы, тынығуы және өздігінен әрекет ету дағдыларын қалыптастыру жұмыстары жүргізілетінін айтты.
Баланың тәрбиесінде үлкендердің үлгісі маңызды екенін атап өтіп, балаларды сыпайылыққа, ұқыптылыққа, достық қарым-қатынасқа, үлкендерді құрметтеуге және өз заттарына жауапкершілікпен қарауға үйрету қажеттігін түсіндірді. Үйде қалыптасқан жақсы дағдыларды балабақшада жалғастыру үшін ата-аналар мен тәрбиешілердің бір бағытта жұмыс жасауы маңызды екенін айтты.
Топтағы тәртіп пен тазалықты сақтау мәселесіне де тоқталды. Балалардың ойыншықтарды орнына қоюы, жеке заттарын ұқыпты ұстауы, бөлмені таза ұстауға атсалысуы күнделікті әдетке айналдырылатынын түсіндірді. Ата-аналардан баланың киімдері мен жеке заттарын таза, жинақы күйде дайындап беруді сұрады.
Сондай-ақ балаларға қажетті оқу құралдары туралы мәлімет беріп, әр баланың құралдары жас ерекшелігіне сай, қауіпсіз және қолдануға ыңғайлы болуы керектігін айтты.
Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:
Топ тәрбиешісі отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықтың бала тәрбиесіндегі маңызына тоқталды. Баланың жан-жақты дамуы үшін ата-ана мен тәрбиешінің бір бағытта жұмыс жасап, өзара түсіністік пен сенім қалыптастыруы қажеттігі айтылды.
Ата-аналарға баланың балабақшадағы жетістіктеріне, қызығушылықтары мен күнделікті әрекеттеріне көңіл бөліп, тәрбиешімен тұрақты түрде пікір алмасып отыру ұсынылды. Сонымен қатар баланың тәрбиесіне қатысты мәселелер туындаған жағдайда оны дер кезінде тәрбиешімен талқылап, бірлесіп шешудің маңыздылығы түсіндірілді.
Ата-аналармен кері байланыс орнату мақсатында олардың ұсыныстары, пікірлері мен сұрақтарын тыңдау ұйымдастырылды. Ата-аналар өз ойларын ортаға салып,

балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстарына қатысты пікірлерімен бөлісті. Тәрбиеші ата-аналардың ұсыныстарын назарға алып, алдағы уақытта бірлескен жұмыстарды тиімді ұйымдастыруға дайын екенін білдірді.
Сонымен қатар ата-аналарды топтың тәрбиелік және мерекелік іс-шараларына белсенді қатысуға, балалардың шығармашылық қабілеттерін қолдауға және балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайтуға шақырды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балабақшаның жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуын, күн тәртібін, балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау, «Индиго» жүйесіндегі мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз ету.
2. Балалардың балабақшаға бейімделуіне қолдау көрсету, жас ерекшеліктеріне сай тәрбиесі мен дамуына жағдай жасау, үйде және балабақшада қалыптасатын дағдыларды бірізді жалғастыру.
3. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналармен тұрақты кері байланыс орнату, баланың тәрбиесі мен дамуына қатысты мәселелерді бірлесіп шешу және топтың іс-шараларына белсенді қатысу.

Жиналыс төрайымы: **Сартбаева А**

Хатшы: **Тұрдау Д**





Астана қаласы әкімдігінің №92 «Жауқазын» балабақшасы МКҚК
Ата – аналар жиналысының тіркеу парағы

№	Ата-ананың аты-жөні	Байланыс нөмірі	Тобы	Қолы
1	Могой Арулан	87753066157	Меруертгул	Мог
2	Фазыл Дана	87479724720	Меруертгул	Фазыл
3	Бейтен Улдана	87753257377	Меруертгул	Бейт
4	Дуламан Дауренам	77018898014	Меруертгул	Дул
5	Джуншисова Д	87712538186	Меруертгул	
6	Карлюкбаев Даркан Н.	87751605824	Меруертгул	
7	Сартыбаева Диди	87473326540	меруертгул	
8	Ермагамбет Акбар	8707 480 7523	Меруертгул	
9	Кабиденова Ризагуль	87788465316	Меруертгул	
10	Сагиева Фариза	87716929330	Меруертгул	Сагиева
11	Жаксалық Жұлдызай	87714045711	Меруертгул	Жақс
12	Буйсенова Д	87751095765	Меруертгул	
13	Буйсенбек Айнаш	87713737732	Меруертгул	
14	Сарсембаева Диана	87750781000	Меруертгул	
15	Ильмагамбет Г	87788029030	меруертгул	
16	Елембаева Н	87086190561	меруертгул	Елем
17				
18				
19				
20				
21				
22				
23				
24				
25				
26				
27				

Астана қаласы әкімдігінің №92 «Жауқазын» балабақшасы

№1 Ата-аналар жиналысының хаттамасынан үзінді «Жаңа оқу жылы: балаға қолдау, отбасыға сенім».

Тәрбиеші: Жукутова А.А.

Астана қаласы, 2026 жыл

Астана қаласы әкімдігінің
№92 «Жауқазын» балабақшасы
«Нарғызгүл» ортаңғы тобы
№1 ата-аналар жиналысының хаттамасынан үзінді

Жиналыстың тақырыбы:«Балаға қолдау – отбасыға сенім»
Күні: 22 қыркүйек 2026 жыл
Мақсаты:Ата-аналарға балабақшаның ішкі тәртібі мен күн тәртібін таныстыру, топтағы тәрбиелеу-білім беру жұмысының ерекшеліктерін түсіндіру, Indigo жүйесін қолдану тәртібі, төлемақы мәселелері бойынша ақпарат беру. Сонымен қатар бала тәрбиесінде балабақша мен отбасы арасындағы өзара ынтымақтастық пен сенімді нығайту.

Қатысқандар:
Барлығы: 25 ата-ана
Қатысқаны: 11 ата-ана
Қатыспағаны: 14 ата-ана

КҮН ТӘРТІБІ:
1. Балабақшаның күн тәртібі және «Нарғызгүл» тобының ішкі тәртібі.
2. Indigo жүйесі, төлемақы және ата-аналарға қажетті ұйымдастыру мәселелері. м.м.у.а Модлахметова мен әдіскер Нығыметова Н.С
3. «Балаға қолдау – отбасыға сенім» тақырыбында тренинг.
   Тәрбиеші: Жукутова А.А.
4. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі.
   Медбике: Құттаякова .

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші: Жукутова А.А. ата-аналарға балабақшаның күн тәртібімен таныстырып, балалардың таңертеңгі қабылдануы, тамақтануы, оқу-іс әрекеттері, серуендеуі, тынығуы және басқа да режимдік сәттер туралы түсіндірді.

Баланың балабақшаға уақытылы келуінің маңыздылығы айтылды. Баланың киімдері мен жеке заттарының белгіленуі, маусымға сай киіндірілуі және топтың ішкі тәртібін сақтау қажеттілігі түсіндірілді.

Ата-аналарға баланың балабақшаға бейімделу кезеңінде оған түсіністікпен қарап, тәрбиешімен тығыз байланыста болу ұсынылды.

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша: Ата-аналарға Indigo жүйесі арқылы баланың балабақшаға қатысуына байланысты ақпараттарды қадағалау және жүйені дұрыс пайдалану тәртібі түсіндірілді.

Сонымен қатар балабақшадағы төлемақы мәселесі қарастырылды. Ата-аналарға төлемақыны белгіленген мерзімде уақытылы төлеу қажеттілігі түсіндіріліп, төлемге қатысты туындаған сұрақтар бойынша жауаптар берілді.

Баланың балабақшаға келмеу жағдайында ата-ананың тәрбиешіге алдын ала хабарлауы қажеттігі айтылды.

ТЫҢДАЛДЫ:

Үшіні мәселе бойынша тәрбиеші:Жұқутова А.А. «Балаға қолдау – отбасыға сенім» тақырыбында тренинг өткізді.

Тренинг барысында ата-аналарға балаға жылы сөз айту, оның пікірін тыңдау, жетістігін мадақтау, қиындық кезінде қолдау көрсету және бала мен ата-ана арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастырудың маңызы түсіндірілді.

Ата-аналар түрлі психологиялық жаттығуларға қатысып, өз ойларымен бөлісті. Бала тәрбиесінде отбасы мен балабақша арасындағы бірлескен жұмыстың маңыздылығы атап өтілді.

ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша:Медбике Құттаякова ____ балалардың денсаулығын сақтау, жеке бас гигиенасын қадағалау, маусымдық аурулардың алдын алу және баланы балабақшаға дені сау күйінде әкелу жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Ата-аналарға баланың денсаулығында өзгерістер байқалған жағдайда тәрбиешіге және медицина қызметкеріне уақытылы хабарлау қажеттігі ескертілді.


ЖИНАЛЫС ШЕШІМІ:

1. Балабақшаның күн тәртібі мен топтың ішкі тәртібін сақтау ата-аналарға ұсынылсын.
2. Баланың балабақшаға уақытылы келуін және қажетті жеке заттарымен қамтамасыз етілуін ата-аналар қадағаласын.
3. Indigo жүйесін қолдану және ондағы ақпараттарды уақытылы бақылау ата-аналарға ұсынылсын.
4. Балабақша төлемақысын белгіленген мерзімде уақытылы төлеу қамтамасыз етілсін.
5. Бала тәрбиесінде ата-ана мен тәрбиеші арасында тұрақты байланыс орнатылып, өзара түсіністік пен сенім нығайтылсын.
6. Баланың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты медбикенің ұсыныстары орындалсын.
7. «Балаға қолдау – отбасыға сенім» қағидасын басшылыққа ала отырып, баланың эмоционалдық жай-күйіне және жеке ерекшеліктеріне көңіл бөлу ұсынылсын.

Жиналыс төрағасы: Ата-ана: Мейрамбай Н.Н

Хатшы: Жұқутова А.А.


Ата-аналар жиналысына
Қош келдіңіздер!
Бала - бұдан бақытсыз болмасын!


Тілек: ағашы
Баламның тілегім...
Бақытты бол!
Армандай ор!
Жақсы адам болып өс!
Сен ақылдысың!
Сен ерекшесің!
Жақсы тілек - жарқын болашақ!



Астана қаласы әкімдігінің №92 «Жауқазын» балабақшасы МКҚК
Ата – аналар жиналысының тіркеу парағы

№	Ата-ананың аты-жөні	Байланыс нөмірі	Тобы	Қолы
1	Елтай Айгулшатжан	8778961 0766	Наргүзгүл	
2	Конысбаева Жансулу	87075525353	Наргүзгүл	
3	Смагулова Айлбан	87477423938	Үлгідзгүл	
4	Камзаева Динара	8776 299 2210	Наргүзгүл	
5	Бозгулова Н.Т	87022252514	Наргүзгүл	
6	Ерлан Айгерім	8 707 207 75 02	наргүзгүл	
7	Джанашева Назгүлім	87474192199	Наргүзгүл	
8	Турсынхан Шолпан	8 707 918 7590	Наргүзгүл	
9	Шегіргалиқай Нұрсұлу	8707 582 97 46	Наргүзгүл	
10	Зиямова Гүлдана	8 707 781 68 50	наргүзгүл	
11	Тасбулатова Гулжан	87711234404	наргүзгүл	
12				
13				
14				
15				
16				
17				
18				
19				
20				
21				
22				
23				
24				
25				
26				
27				

Астана қаласы әкімдігінің №92 «Жауқазын» балабақшасы

№1 Ата-аналар жиналысының хаттамасынан үзінді «Жаңа оқу жылы: балаға қолдау, отбасыға сенім».

Тәрбиешілер: Исматова М.А.
Яки Н.

Астана қаласы, 2026 жыл

Астана қаласы № 92 «Жауқазын» балабақшасы МКҚК
«Бәйшешек» ортаңғы тобы
2026-2027 оқу жылы
№1 ата-аналар жиналысының хаттамасынан үзінді

Жиналыстың тақырыбы: «Жаңа оқу жылы: балаға қолдау, отбасыға сенім».
Күні: 23.09.2026 жыл
Мақсаты: 1. Ата-аналарды балабақшаның күн тәртібімен, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесімен, қосымша қызметтермен, «Индиго» ақпараттық жүйесін пайдалану тәртібімен және төлем мәселелерімен таныстыру.
2. Жаңа оқу жылында тәрбиеленушілердің балабақшаға бейімделуіне қолайлы жағдай жасау, балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау, ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайту.
3. Баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоциялық дамуына отбасы мен балабақшаның бірлескен қолдауын ұйымдастыру.

Қатысқандар:
1. Байшина Н.Б.
2. Оралбекова Л.Л.
3. Касенова Г. Ж.
4. Тоғай Д.Қ.
5. Тлеуленова А.К.
6. Бердібекова А.А.
7. Досанова Ф.Т.

Қатыспағандар: 17 ата-ана

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшаның күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, қосымша қызметтер, «Индиго» жүйесі және төлемақылар туралы.
2. Балалардың денсаулығы және жаңа оқу жылындағы медициналық-профилактикалық шаралар.
3. 3-4 жастағы балалардың жас ерекшеліктері және психологиялық дамуы. Ата-ананың балаға эмоционалдық қолдауы.
4. Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Яки Н сөз сөйледі.
Тәрбиеші ата-аналарды жаңа оқу жылындағы топтың күн тәртібімен таныстырды. Балалардың күн тәртібі олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылатыны және онда балаларды қабылдау, таңғы жаттығу, тамақтану, ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын,

серуендеу, тыныгу және күндізгі ұйқы, жеке және еркін әрекеттер қарастырылатыны түсіндірілді.

Ата-аналарға ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі таныстырылды. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалардың жас ерекшеліктері, жеке қажеттіліктері және даму деңгейі ескерілетіні айтылды.

Тәрбиеші балалардың негізгі әрекеті ойын арқылы жүзеге асырылатынын, сонымен қатар тілдік қарым-қатынас, танымдық, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілетінін түсіндірді.

Ата-аналарға балабақшада ұйымдастырылатын қосымша қызметтер туралы ақпарат берілді. Қосымша қызметтердің атауы, өткізілу уақыты, ұйымдастырылу тәртібі және ата-аналардың келісімі қажет болатын жағдайлар түсіндірілді.

Қосымша қызметтер баланың жас ерекшелігі мен мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс екендігі атап өтілді.

Ата-аналарға балабақшада қолданылатын «Индиго» ақпараттық жүйесі туралы түсіндірме берілді. Ата-аналарға жүйеде баланың жеке мәліметтерінің дұрыстығын тексеру, қажетті ақпаратты уақытылы жаңарту және баланың балабақшаға қатысуына қатысты мәліметтерді белгіленген тәртіппен енгізу қажеттігі түсіндірілді.

Жүйеге қатысты техникалық немесе ұйымдастырушылық сұрақтар туындаған жағдайда балабақшаның жауапты қызметкеріне жүгіну ұсынылды.

Ата-аналарға балабақшаға төленетін ата-аналар төлемінің белгіленген тәртіппен жүргізілетіні түсіндірілді. Төлем мөлшері, төлеу мерзімі, төлем жасау тәртібі және төлемге қатысты басқа да мәселелер бойынша ата-аналарға балабақша әкімшілігіне немесе жауапты маманға жүгіну қажеттігі айтылды.

Нақты төлем мөлшері мен реквизиттер балабақшаның қолданыстағы қаржылық құжаттарына сәйкес ата-аналардың назарына ұсынылды.



Екінші мәселе бойынша балабақшаның медицина қызметкері Куттыаякова С.С. сөз сөйледі.

Медицина қызметкері жаңа оқу жылының басталуына байланысты тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайына ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті.

Баланың балабақшаға күнделікті келуі алдында ата-аналар оның жалпы денсаулық жағдайын бақылауы қажет екендігі түсіндірілді. Дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, жөтел, мұрыннан су ағу, құсу, іш өту, бөртпе және басқа да ауру белгілері байқалған жағдайда баланы балабақшаға әкелмей, медициналық ұйымға жүгіну қажеттігі айтылды.

Ата-аналарға баланың денсаулығына қатысты маңызды мәліметтерді, оның ішінде аллергиялық реакциялары, дәрігердің арнайы ұсынымдары немесе ерекше күтім қажеттілігі болған жағдайда, медицина қызметкеріне және топ тәрбиешісіне уақытылы хабарлау қажеттігі түсіндірілді.

Сонымен қатар жеке бас гигиенасын сақтау, қолды сабынмен дұрыс жуу, таза киіммен келу, маусымға сәйкес киіну, дұрыс тамақтану, таза ауада серуендеу, қимыл-қозғалыс белсенділігі мен жеткілікті ұйқының бала денсаулығын сақтаудағы маңызы айтылды.

Медицина қызметкері ата-аналарға профилактикалық медициналық тексерулерден уақытылы өту және баланың денсаулығына байланысты медицина қызметкерлерінің ұсынымдарын сақтау қажеттігін түсіндірді.



Үшінші мәселе бойынша психолог Мөлдіір Сапарғалиқызы сөз сөйледі.

Құрметті ата-аналар! Бүгінгі ата-аналар жиналысына қош келдіңіздер! 3–4 жас — бала өміріндегі өте маңызды кезең. Бұл жаста бала қоршаған ортаны танып, өз «Менін» қалыптастыра бастайды. «Өзім істеймін», «өзім таңдаймын» деген сөздердің жиі айтылуы — қырсықтық емес, баланың дербестікке ұмтылысының белгісі.

Бұл кезеңде балаға ең керегі — ата-анасының махаббаты, қолдауы және түсіністігі.

Кейде бала жылауы, ашулануы, айтқанымызды бірден орындамауы мүмкін. Мұндай сәтте оны жазалауға немесе ұрысуға асықпай, алдымен оның сезімін түсінуге тырысқанымыз дұрыс. «Сен қазір ренжіп тұрсың», «Саған бұл ұнамай қалды ма?», «Мен сені түсініп тұрмын» деген қарапайым сөздердің өзі балаға үлкен қолдау береді.

Балаға күн сайын: «Мен сені жақсы көремін», «Сенің қолыңнан келеді», «Мен саған сенемін», «Қандай жағдай болса да, мен қасындамын» деген сөздерді айтып жүрейік.

–4 жаста бала үшін ата-ананың назары өте маңызды. Қымбат ойыншықтан гөрі бірге ойнаған 15–20 минут, бірге кітап оқыған уақыт, баланың әңгімесін бөліп-жармай тыңдау — оның эмоционалдық дамуына үлкен әсер етеді.

Тағы бір маңызды нәрсе — баланы басқа балалармен салыстырмау. «Пәленшенің баласы осындай, сен неге олай емессің?» деген сөздер баланың өзіне деген сеніміне әсер етуі мүмкін. Әр бала — жеке тұлға. Бір бала тез сөйлейді, екіншісі баяу сөйлейді; біреуі тез бейімделеді, енді бірі уақытты қажет етеді. Біз баланың қарқынын құрметтеуіміз керек.

Балабақша мен отбасының байланысы да өте маңызды. Балаға ортақ талап пен жылы қарым-қатынас қалыптасқанда, оның балабақшаға бейімделуі де жеңілдей түседі.

Құрметті ата-аналар, бала тәрбиесі — тек баланың мінезін қалыптастыру емес, оның жүрегіне сенім ұялату.

Балаға мінсіз ата-ана емес, оны тыңдайтын, түсінуге тырысатын және қателескен кезде қайтадан құшақтай алатын ата-ана қажет.

Бүгін біз бір мақсатпен жиналып отырмыз: балаларымыздың бақытты, сенімді және мейірімді болып өсуіне бірге жағдай жасау. Әр баланың балалық шағы — қайталанбайтын кезең. Сондықтан оны асықтырмай, сынамай, салыстырмай, махаббатпен бірге өсірейік.



Ата-аналарға топ тәрбиешісі Исматова М.А. тренинг өткізді.